



**№ 3 (39)
2015**

Меншік несі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

«Конституция: халықтың бірлігі, тұрақтылық, көркею» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға Қазақстан Республикасы Әділет Министрі Б. ИМАШЕВТЫҢ баяндамасы, Астана қаласы, 2015 жылғы 28 тамыз.....	7
Р.Т. НҰРТАЕВ Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері.....	13
М.А. СӘРСЕМБАЕВ Отбасы құқығы мәселелері бойынша Еуропалық конвенциялар: Қазақстан көзқарасы	21
Конституциялық және әкімшілік құқық	28
А.С. ҚОСЖАНОВ Нарықтық жағдайдағы құқықтық мемлекеттің экономикалық бағыттары.....	28
Г.Б. ҚАРЖАСОВА Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты	31
Л.Т. НАЗАРҚҰЛОВА Заң шығару технологиясы нормативтік құқықтық актілердің сапасын арттырудағы маңызды шарт ретінде: проблеманың қойылуы.....	34
А.С. АХМЕТОВ Құқықтық нигилизм туралы мәселесіне.....	40
А.А. ІДІРІСОВ Конституцияның іргелі құндылықтары.....	45
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Мемлекеттік қаржылық бақылаудан мемлекеттік аудитке көшу мәселесі бойынша шетелдік тәжірибе	50
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	55
Л.К. ЕРКІНБАЕВА Energy law of the Republic of Kazakhstan: problems and perspectives (Қазақстан Республикасының энергетикалық заңдары: проблемалары мен перспективалары)	55
Н.Ш. ШЕРІМОВА Қазақстандағы су ресурстарының жағдайы мен және құқықтық реттелуінің кейбір мәселелері.....	62
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	67
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.К. ҚАНАТОВ Абай Құнанбайұлының «Қарамола ережесіндегі» қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының негіздері – қазіргі жаңа қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру шарты ретінде	67
К.Е. ИСМАҒҰЛОВ Азаматтық қоғам институттарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі.....	72

О.Б. ФИЛИПЕЦ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалар жүйесін жетілдірудің кейбір мәселелері 76

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану 81

Қ.С. МӘУЛЕНОВ Bilateral investment treaties Republic of Kazakhstan with foreign states (Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен екі жақты инвестициялық шарттары) ... 81

А.Ж. САҒИДАН Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық шарттар жобалары мен шешімдерінің сараптамасын жүргізу қажеттілігі мәселесіне 89

Ж.И. ИБРАГИМОВ Еуропалық Одақ тәжірибесі ауқымында нормативтік құқықтық актілерге сараптама жүргізудің жалпы тәсілдері..... 93

Ж.К. ОРЫНТАЕВ Legal Regulation of Waste Treatment in Kazakhstan and Russia (Қазақстан мен Ресейде қалдықтарды қайта өңдеуді құқықтық реттеу)..... 99

Құқықтық мониторинг 103

Е.З. БЕКБАЕВ Құқықтық мониторинг нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын қамтамасыз ету шарасы ретінде..... 103

З.Г. ҚАЗИЕВ, С.Б. АЙСИН Құқықтық мониторинг барысында нормативтік құқықтық актінің және құқықты қолданудың тиімділігін анықтау (әдіснамалық және қолданбалы аспектілер) 109

А.Ғ. ҚАЗБАЕВА Нормативтік құқықтық актілердің қоғамдық мониторингі туралы мәселеге 116

Е.М. ЕЛУБАЙ, А.Қ. ҚАНАТОВ Жекелеген алдын алу нормаларының сипаттамасына (ҚК-ның жаңашылдықтарын мониторингілеу) 120

Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен 125

ПРИМАСHEВ Н.М. Конституциялық заңнама лексикасы: салыстырмалы контент-талдау..... 125

АҚЫЛБЕКОВА Г.К. Азаматтық заңнама: қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалылығы мәселелері 129

Шетелдік тәжірибе 133

Э.Н. НАГОРНАЯ, Т.Н. ЗАЦЕПИНА (Минск қ.) Сот актілерін орындау кезінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің келісімдері мен ұлттық заңнама арақатынасының маңызы (ТМД Экономикалық Сотының құқық қолдану практикасының мысалдарында) (жалғасы) 133

И.Э. МАРТЫНЕНКО (Беларусь Республикасы, Гродно қ.) Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кедендік шекарасы арқылы мәдени құндылықтарды заңсыз өткізу үшін қылмыстық жауаптылық ерекшеліктері 138

В.А. НОВИКОВ (Мәскеу қ.) Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жеке өмірге қол сұқпаушылықты бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық 145

Т.В. РОГОЖКИНА (Минск қ.) Беларусь Республикасында қоршаған орта сапасы нормативтерін жіктеу туралы..... 150

Р.А. КАЗАК (Украина, Харьков қ.) 1992 жылғы Биологиялық әр алуандылық туралы конвенцияны қабылдау мәселесіне: тарихи-құқықтық аспект 155

Жас ғалым мінбері 162

Р.Қ. ҚАНАТОВ Бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарты мәнінің ерекшеліктері..... 162

Н.Н. ОМАРОВА Мемлекеттік органдардың құқықтық мониторинг жүргізудегі жауапкершілігі туралы..... 168

Т.Р. БОТАНБАЕВ Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың туындау тарихына қатысты кейбір мәселелер..... 171

С.О. БОРОВИКОВ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің халықаралық шарттар әзірлеу тәжірибесі 176

И.Е. АҚАТОВ Борыштар мұрагерлігі туралы мәселеге 182

<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	188
V Петербург халықаралық заң форумы жұмысына шолу, Ресей, Санкт-Петербург қ., 188 2015 жылғы 27-30 мамыр.....	
<i>Даналық ойлар</i>	206



**№ (39)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчасвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Выступление Министра юстиции Республики Казахстан Б.М. ИМАШЕВА на международной научно-практической конференции «Конституция: единство народа, стабильность, процветание», г. Астана, 28 августа 2015 года.....	7
Р.Т. НУРТАЕВ Актуальные проблемы дальнейшего противодействия коррупции в Казахстане.....	13
М.А. САРСЕМБАЕВ Европейские конвенции по вопросам семейного права: взгляд из Казахстана.....	21
<i>Конституционное и административное право</i>	28
А.С. КОСЖАНОВ Экономические направления правового государства в рыночных условиях.....	28
Г.Б. ҚАРЖАСОВА Институт уполномоченного по правам человека.....	31
Л.Т. НАЗАРКУЛОВА Правотворческая технология как важнейшее условие повышения качества правовых актов: постановка проблемы.....	34
А.С. АХМЕТОВ К вопросу о правовом нигилизме.....	40
А.А. ИДРИСОВ Фундаментальные ценности конституции...	45
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Зарубежный опыт по вопросу перехода от государственного финансового контроля к государственному аудиту.....	50
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право</i>	55
Л.К. ЕРКИНБАЕВА Energy law of the Republic of Kazakhstan: problems and perspectives (Энергетические законы Респу- блики Казахстан: проблемы и перспективы).....	55
Н.Ш. ШЕРИМОВА Некоторые вопросы состояния и правового регулирования водных ресурсов в Казахстане.....	62
<i>Уголовное право и уголовный процесс</i>	67
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ Основы уголовного и уголовно-процессуального законодательства в «Положении Карамола» Абая Кунанбаева - как условие совершенство- вания нового уголовного и уголовно-процессуального законодательства.....	67
К.Е. ИСМАГУЛОВ Анतिकоррупционная деятельность институтов гражданского общества.....	72

О.Б. ФИЛИПЕЦ Некоторые вопросы совершенствования системы и видов наказаний в отношении несовершеннолетних по уголовному законодательству Республики Казахстан...	76
Международное право и сравнительное правоведение	81
К.С. МАУЛЕНОВ Bilateral investment treaties Republic of Kazakhstan with foreign states (Двусторонние инвестиционные договоры Республики Казахстан с зарубежными государствами).....	81
А.Ж. САГИДАН К вопросу о необходимости проведения экспертизы проектов международных договоров и решений Евразийского экономического союза.....	89
Ж.И. ИБРАГИМОВ Общие подходы проведения экспертизы нормативных правовых актов в рамках опыта Европейского Союза.....	93
Ж.К. ОРЫНТАЕВ Legal Regulation of Waste Treatment in Kazakhstan and Russia (Правовое регулирование обращения с отходами в Казахстане и России).....	99
Правовой мониторинг	103
Е.З. БЕКБАЕВ Правовой мониторинг как мера обеспечения законности нормативных правовых актов.....	103
З.Г. КАЗИЕВ, С.Б. АЙСИН Определение эффективности нормативного правового акта и правоприменения в ходе правового мониторинга (методологические и прикладные аспекты)	109
А.Г. КАЗБАЕВА К вопросу об общественном мониторинге нормативных правовых актов...	116
Е.М. ЕЛУБАЙ, А.К. КАНАТОВ К характеристике отдельных превентивных норм (мониторинг нововведений УК)	120
Из практики законодательства на государственном языке	125
ПРИМАШЕВ Н.М. Лексика конституционного законодательства: сравнительный контент-анализ.....	125
АКЫЛБЕКОВА Г.К. Гражданское законодательство: проблемы аутентичности текстов на казахском и русском языках.....	129
Зарубежный опыт	133
Э.Н. НАГОРНАЯ, Т.Н. ЗАЦЕПИНА (г. Минск) Значение соотношения соглашений государств-участников СНГ и национального законодательства при исполнении судебных актов (на примерах правоприменительной практики Экономического Суда СНГ) (продолжение).....	133
И.Э. МАРТЫНЕНКО (Гродно, Республика Беларусь) Особенности уголовной ответственности за нелегальное перемещение культурных ценностей через таможенную границу Республики Беларусь, Республики Казахстан и Российской Федерации.....	138
В.А. НОВИКОВ (г. Москва) Уголовная ответственность за нарушение неприкосновенности частной жизни по законодательству Российской Федерации и Республики Казахстан.....	145
Т.В. РОГОЖКИНА (г. Минск) О классификации нормативов качества окружающей среды в Республике Беларусь.....	150
Р.А. КАЗАК (г. Харьков, Украина) К вопросу о принятии Конвенции о биологическом разнообразии 1992 г.: историко-правовой аспект.....	155
Трибуна молодого ученого	162
Р.К. КАНАТОВ Особенности предмета договора купли-продажи ценных бумаг.....	162
Н.Н. ОМАРОВА Об ответственности государственных органов в проведении правового мониторинга.....	168
Т.Р. БУТАНБАЕВ Некоторые вопросы об истории возникновения коррупции в Казахстане	171
С.О. БОРОВИКОВ Опыт подготовки международных договоров государств-членов Евразийского экономического союза.....	176
И.Е. АКАТОВ К вопросу о наследовании долгов.....	182

Информационные сообщения	188
Обзор работы V Петербургского международного юридического форума 27-30 мая 2015 года, г. Санкт-Петербург, Россия.....	188
Мудрые мысли	206



Примашев Нұрзада Маханбетұлы,
*ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының
бас ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты*

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА ЛЕКСИКАСЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ КОНТЕНТ-ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы қарсаңында конституциялық заңнама сапасы мәселесіне де қайта назар аударған артық болмас. Өкінішке орай, бұл салада да ұлттық заңнаманың қазақ тіліндегі нұсқасына тән өрескел қателер мен кемшіліктер кездесіп жатады.

Республика тәуелсіздігінің құқықтық бастауы болып саналатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы (бұдан әрі – Декларация) [1] мен 1991 жылғы 16 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (бұдан әрі – Конституциялық заң) [2] мәтіндеріне уақыттық салыстырмалы контент-талдау арқылы олардың лексикалық кемшіліктерін ашуға болады. Жалпы мұндай тәсілдің қостілдік тәжірибе жағдайында заңнама сапасын жақсартуға тигізетін септігі мол. Талдау арқылы нормалардың тілдік, тіпті құқықтық та табиғатын ұғуға мүмкіндік мол. Сондықтан қолданыстағы ұлттық заңнамаға (екі тілдегі де нұсқаларға!), лингвистикалық мониторингті қоса алғанда, кешенді талдау жұмыстары жүргізілсе оңды болар еді.

Декларациядағы «Республиканың барлық ұлт азаматтары Қазақстан халқын құрайды» деген сөйлемнің «Граждане Республики всех национальностей составляют народ Казахстана» деген сөйлемнің дұрыс аудармасы деуге болмас, өйткені «азамат» деген ұғым орысша нұсқада «Республика» ұғымына қатысты, ал қазақшасында «ұлт» ұғымымен үйлестірілген. Бұл нұсқаның тілдік те, құқықтық та кемшілігі айқын байқалады.

Осындай теріс тәжірибе конституциялық заңда да орын алған. Мысалы, оның 6-бабында «Тарихи тағдыр ортақтастығы қазақ ұлтымен біріктірген Республиканың

барлық ұлттарының азаматтары Қазақстанның біртұтас халқын құрайды, бұл халық Қазақстан Республикасындағы егемендіктің бірден бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылады» делінген [2]. Бұл кемшілікті де түсіну үшін норманың орыс тіліндегі «Граждане Республики всех национальностей, объединенные общностью исторической судьбы с казахской нацией, составляют вместе с ней единый народ Казахстана, который является единственным носителем суверенитета и источником государственной власти в Республике Казахстан» деген нұсқасымен салыстыру қажет.

«Всеобщая декларация прав человека» деген атаудың «Жалпыға бірдей адам праволары декларациясы» [1], «Адам хұқыларының жалпыға бірдей Декларациясы» [2] сияқты аудармаларын тек қана аудармашылардың әлеуеті емес, сонымен қатар, уақыт лексикасы мен бір кездердегі талаптар ескерткіші деп қабылдауға болатын шығар. Осы құжаттардағы «Жоғарғы Совет» пен «Жоғарғы Кеңес» атаулары да сондай мәртебеде.

Конституциялық заңнама лексикасы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау кезіндегі тәжірибе мен талаптарға тікелей байланысты. Мысалы, «праволық мемлекет», «өкімет билігі», «жария ұрандар», «мемлекеттік өкімет билігі», «басқару органдарының құрылымы мен компетенциясы», «меншік формалары», «республикалық таможня жүйесі», «халықаралық хұқ», «финанс-кредит», «хайуанаттар дүниесі» және т.с.с. тіркестер қазір қолданылмайды. Қазіргі қолданыста қазақ және құқық тіліне әдемі енген керемет баламалы нұсқалар бар. Яғни құқықтық лексика да объективті даму үстінде. Бұл қуантарлық құбылыс. Бір жағынан, жоғарыда келтірілген мысалдарды тіл және құқық білімі тұрғысынан қате деуге де болар еді, бірақ олар кезінде өз

функцияларын атқара білгені анық.

Конституциялық заңда да жоғарыдағыдай тәжірибе қайталаңады. Мысалы, онда «мемлекеттік өкімет», «хұқылық мемлекет», «заңдық билік», «бірдей міндеткерлікте болады», «жасауға қақылы», «жалауы» және т.с.с. сөздер мен сөз тіркестері кездеседі.

Декларацияның 11-тармағындағы «Қазақстан Республикасы Республиканың экологиялық ортасын қорғаудың, табиғи ресурстарды пайдаланудың тәртібін, ұйымдастырылуын дербес белгілейді, халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді» деген сөйлемнің аударма және орфографиялық кемшіліктері бар. Аударма қатені тек норманың орыс тіліндегі «Республики Казахстан самостоятельно устанавливает порядок организации охраны экологической среды Республики, использования природных ресурсов, обеспечивает народу экологическую безопасность» деген нұсқасымен салыстыру арқылы табуға болады. Норманың мәселесі – «тәртібін, ұйымдастырылуын / порядок организации» деген тіркесте.

Осы жердегі түрлі комбинациядағы «экологиялық ортаны қорғау / охрана экологической среды» деген ұғымның екі тілдегі нұсқасы да кемшілікті сияқты.

«Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Қазақстан Республикасы Президентіне бағынатын және солардың бақылауында болатын өз ішкі әскерлерін, мемлекет қауіпсіздігі және ішкі істер органдарын ұстауға, Қазақстан Республикасының правосы бар» деген нормада «Қазақстан Республикасының» деген атауды сөйлемнің басына шығарғанда дұрыс болар еді. Сонда «ұстауға» деген сөзден кейін қойылған үтір де өздігінен түсіп қалар еді.

Әрине, конституциялық заңнаманың күрделі ұғымдары мен тіркестерінің нұсқалары күннен күнге жақсарып жатқаны объективтік факт. Бірақ, соның өзінде де, бір кезде жіберіліп, әлі күнге сол қалпын сақтап отырғандардың кейбіреулерімен мүлдем келісуге болмайды. Олардың біразы «адам» мен «тұлға» ұғымдарына байланысты. Конституциялық құқықтың төл ұғымы болып табылатын бұл сөздерді қолдануда әзірге бірізділік болмай отыр. Сондықтан қолданыстағы заңнамадағы кейбір нормаларды ұғудың өзі қиын. Мысалы, таза конституция саласына жатпаса да, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысы бар «ырықтандыру» сөзін «либерализация» сөзінің қате баламасы деуге болады. Ырықтандыру деп басқаруға, бақылауға болатын іс-әрекеттерді

айтуға болатын шығар, яғни адамның (кез келген билік субъектісінің: мемлекет пен лауазымды тұлғаның) көзқарасы мен жігеріне, еркіне байланысты құбылыс деп түсінуге болады. Түбінде белгілі бір шекте, ережеде, талапта және т.с.с. межелерде ұстау, яғни өз дегеніне бағындыру сияқты. Ал «либерализация» оның антонимі іспетті. Босату, еркіндікке жіберу, шектеулер мен межелерді алып тастау емес пе? Яғни бұл ұғым адамның санасынан гөрі, табиғи объективтілікке жақын сияқты (бұл жерде либерализацияны белгілі бір субъектілердің – мемлекеттердің, мүдделі адамдар мен топтардың «ойыны» деп қабылдауға болатын тұстарының бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ бұл ұғым, соның өзінде де, бірінші кезекте, әлеуметтік-экономикалық заңдылықтарға бағынысты сияқты).

Сол сияқты қазір кең қолданылып жүрген «жария құқық» (публичное право), деген ұғымдар да келешекте өздерінің нақты баламаларын табатынына күмән келтіруге болмайды.

Сонымен қатар ұлттық заңнамада күрделілігіне байланысты қазақ тілінің табиғатына сәйкес келмейтін ұғымдар да кездеседі. Оларды қолданбауға болмайды. Сондықтан шарасыздықтан олар ұлттық заңнама мен ресми құжат лексикасында орын алып келеді. Мысалы, қарастырылып отырған салаға қатысты «мемлекеттік рәміздерді қорлау» деген ұғым, бірінші кезекте, тілдік мәселе сияқты.

Конституциялық заңның «Қазақстан Республикасының басшысы және оның атқарушы өкіметі Президент болып табылады» деген нормасының «Главой Республики Казахстан и ее исполнительной власти является Президент» деген орыс тіліндегі нұсқасына сай емес екендігі көрініп-ақ тұр. Яғни норманың құқықтық та, тілдік те кемшілігі бар.

Құжаттағы «право выступать от имени» деген тіркестің «атынан сөйлеу хұқы» деген аудармасы орнына Қазақстан Республикасы Конституциясындағы «атынан билік жүргізуге» [3] деген нұсқасы өте ыңғайлы. Тікелей аударма орнына мағынасына сай аударудың осы тәжірибесі өзге нормативтік құқықтық актілерде орын алып жатса, құба-құп болар еді.

Осы мақала объектісінің бір мәселесі деп конституциялық заңнаманың ресми мәтіні мәселесін көрсеткен артық болмас. Бұрынғы мақалаларда келтірілген заңнама мәтінінің қате-кемшіліктерін конституциялық құқық саласында да жалғастыра беруге болады. Конституциялық заңнаманың қатесіз болмайтын қазақ тіліндегі

нұсқасымен қатар, үлгілі саналатын орыс тіліндегі нұсқасы да сұраулы. Мысалы, ресми қайнаркөз болып саналатын «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясының орыс тіліндегі нұсқасының «Республики Казахстан есть суверенное государство», «источником государственной власти в Республики Казахстан», «Охрана суверенных прав Республики осуществляется Республики Казахстан» және осыларға ұқсас жалпы 19 рет кездесетін «Республики Казахстан» деген қателі ұғым бүгінгі күні құқықтық күшінде деуге болады.

Мақала объектілерінде орын алған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация» [1] «Қазақ КСР Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» [2] деген атаулардың бір біріне сәйкес келмейтінін де көрсеткен артық болмас.

Жоғарыда келтірілген мысалдарды қазіргі күнгі қате мысалдармен толықтыра беруге болады. Мысалы, қолданыстағы конституциялық құрылыс пен мемлекеттік басқарудың негізі болып табылатын мемлекеттік қызмет туралы заңнамада «мемлекеттік қызметші» деген атаудың бекітілгеніне қарамастан, «мемлекеттік

қызметкер» деген ұғымның қолданылу аясы күнен күнге артып бара жатқан сияқты. Сол сияқты ресми құжаттар лексикасында да бұрын сонды естілмеген ұғымдар мен сөз тіркестерінің пайда болуы да күмәнді. Мысалы, «кандидаттарды реттеу», «қызықты азаматтар үшін ұлттық құрмет тақтасы» (бұл мысалдың мәселесі оның орыс тіліндегі нұсқасында болар. Онда мәнмәтінге байланысты «национальной доской почета для интересных граждан» деген сөз тіркесі бар), «жемқорлық құқық бұзушылықтың жүйелі түрде алдын алу және сауықтыру» деген тіркестердегі қателер тілдік және түсінбестік мәселелерін туғызары анық. Әрине, ондай санаттағы қате-кемшіліктерді ажырата білетіндерде ғана.

Жоғарыда келтірілген мысалдар конституциялық заңнама лексикасының кемшілікті екенін көрсетеді. Ал мақаланың мақсаты өткенді қазбалау не ревизиялау, қарастырылған құжаттарды дайындауға, қабылдауға қатысқан адамдарды мұқату емес. Мақсат - көрсетілген мысалдар негізінде кез келген уақытта қабылданатын түрлі ресми құжаттар мен құқықтық нормаларды қазақ тілінде сауатты да сапалы дайындауға ұмтылуға бағыттау. Одан қоғам мен мемлекет еш уақытта да ұтылмайды. Сапалы дүниеге шек жоқ. Оған ұмтыла білуге де.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде : Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы Қаулысы // «Әділет» АҚЖ. (01. 08.2015)
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы : Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. 1991 жылғы 16 желтоқсан // «Әділет» АҚЖ. (01. 08.2015)
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» АҚЖ. (01. 08.2015)
4. О Декларации о государственном суверенитете Республики Казахстан : Постановление Верховного Совета Казахской ССР от 25 октября 1990 г. // ИПС «Әділет». (01. 08.2015)
5. О государственной независимости Республики Казахстан : Конституционный закон Республики Казахстан от 16 декабря 1991 года // ИПС «Әділет». (01. 08.2015)



Мақалада қазақ тіліндегі конституциялық заңнама лексикасының кейбір мәселелері қарастырылады.

Қолданыстағы конституциялық заңнамада бірқатар лексикалық кемшіліктер жіберілген. Оларды табу және жою үшін кешенді зерттеулер қажет.

Түйін сөздер: конституциялық заңнама, мәселелі сөздер, ресми мәтін.

В статье рассматриваются некоторые проблемы лексики конституционного законодательства на казахском языке.

В действующем конституционном законодательстве допущены ряд лексических недостатков. Для их обнаружения и устранения необходимы комплексные исследования.

Ключевые слова: конституционное законодательство, проблемные слова, официальный текст.

Article discusses some problems of lexicon of the constitutional legislation in kazakh language.

In the existing constitutional legislation we can see so many lexical shortcomings. Complex researches are necessary for their detection and elimination.

Keywords: constitutional legislation, problem words, official text.

Нұрзада Маханбетұлы Примашев,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының бас ғылыми қызметкері, з.ғ.к.

Конституциялық заңнама лексикасы: салыстырмалы контент-талдау

Примашев Нурзада Маханбетович,

главный научный сотрудник Центра лингвистики Института законодательства РК, к.ю.н.

Лексика конституционного законодательства: сравнительный контент-анализ

Primashev Nurzada Mahanbetovich,

chief researcher at the Center of the Institute of Linguistics of the legislation of Kazakhstan, Ph.D

Lexicon of constitutional law: a comparative content analysis

